

Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 3 қарашадағы № 11 /65 шешімі. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2021 жылғы 19 қарашада № 25224 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "АгроОнеркәсптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

**Ескерту. Кіріспеге - орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді -
Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық маслихатының 06.10.2022 № 23/144 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
шешімімен.**

1. Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық маслихатының 06.10.2022 № 23/144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Мұнайлы аудандық мәслихатының "Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасын бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қазандағы № 58/523 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 4321 болып тіркелген) шешімінің қүші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Билялов

Мәслихат шешіміне

Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1 тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 5/32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы қағида "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жасақталды және Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Әлеуметтік қолдауды тағайындау "Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 5/32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2-тарау. Әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

Ескерту. 2 тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 5/32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Әлеуметтік қолдау мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және денсаулық сақтау үйымдарының басшыларымен бекітілген жиынтық тізімдердің негізінде мамандардан өтініштер талап етілмей, екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар үйымдар арқылы мамандардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 5/32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Әлеуметтік қолдау Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұрақты тұратын және жұмыс істейтін тұлғаларға көрсетіледі.

Ескерту. 4 - тармақ орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық маслихатының 06.10.2022 № 23/144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 12 100 (он екі мың бір жұз) теңге мөлшерінде көрсетіледі.